Ертіс ауыл. округі

АБАЙ ОБЛЫСЫ

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

ШЕШІМ

2023 ж. 14 тамыз

Семей қаласы

АКИМ
ГОРОДА СЕМЕЙ

ОБЛАСТИ АБАЙ

РЕШЕНИЕ

№ 9

город Семей

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 48 және 50-бабтарына, «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м. а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына сәйкес, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі Семей қалалық комиссиясының кезектен тыс отырысының 2023 жылғы 14 тамыздағы № 9 хаттамасы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Абай облысы Семей қаласы Ертіс ауылдық округінің Прииртышское ауылы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Семей қаласы әкімінің орынбасары Р. М. Досмағанбетов тағайындалсын және табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 14 тамыздан бастап туынд құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қала әкімі **Н. Нұрсағатов**

000032